



БҰЙРЫҚ

30.03.2023ж

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ *134*

город Шымкент

Келісім комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіндегі РММ (бұдан әрі - Департамент) ұйымдастырушылық-штаттық өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңының 64 - бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Осы бұйрықтың 1-ші қосымшасына сәйкес, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы Департаментпен бастамашылық жасалған талап арыздарды қарастыру үшін, бизнес-қоғамдастық өкілдерін қатыстыра отырып, жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша құжаттарды сотқа дейін қарайтын келісім комиссиясының құрамы бекітілсін.

2.Осы бұйрықтың 2-ші қосымшасына сәйкес, Жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша құжаттарды сотқа дейін қарайтын келісім комиссиясының тәртібі бекітілсін.

3.Келісім комиссиясының хатшысына аталған бұйрықты Департаменттің комиссия мүшелеріне, аумақтық мемлекеттік кірістер басқармаларына және Шымкент қаласы Атамекен кәсіпкерлік палата мүшелеріне хабарлау жүктелсін.

4.Департаменттің 2022 жылғы 23 қарашадағы №406 «Жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша құжаттарды сотқа дейін қарайтын келісім комиссиясын құру туралы» бұйрығының күші жойылсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары С.Ешанқұловқа жүктелсін.

6.Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы



Б.Қарымсақов